Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылы 17 қыркүйек №4712-25-00-2/2636 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.А.Борашева,
сот отырысының хатшысы А.Джуматовтың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Маңғыстау облысының білім басқармасының «Оразмағанбет Тұрмағанбетұлы атындағы Маңғыстау индустриалды техникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «RizukNesibe» басшысы Бексары Толғанай Мақсатқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор А.Дюсенова
талап қоюшының өкілі – М.Басбаева
жауапкер -Т.Бексары

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылы 4 маусымда тараптар арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №157 келісім шарт (әрі қарай-Шарт) жасалған.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес жауапкер шарт жасасқан сәттен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде 2 100 кг эмаль бояуын (әрі қарай-Тауар) жеткізуге міндеттеме алған.

Шарттың жалпы құны 1 616 097 теңге құрайды.

Талап қоюшы сотқа жүгініп, онда, жауапкер Шарт бойынша міндеттемесін орындамағанын, тиісті Тауар жетікзілмегенін көрсетіп, соттан жауапкерді

мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды және 46 866 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Талап қоюшы өкілі сот отырысында талап қоюды қолдап, жауапкер тауарды жеткізмегенін көрсетіп, талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі сот отырысында талап қоюмен келіспей, Шартқа сәйкес тауар уақытылы такси арқылы беріп жібергенін, алайда таксидің жүргізушісін таппай қалып, тауар жеткізілмегенін көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Прокурор берген қорытындысында талап қоюды толығымен қанағаттандыруды сұрады.

17 қыркүйек 2025 жылы сот ұйғарымымен талап қоюшының жауапкерден 46 866 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қараусыз қалдырылған.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (әрі қарай - Азаматтық Кодекс) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал осы Кодекстің 272-бабының талабына сәйкес міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда – іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай- Заң) 8-бабының 4–тармағының 3) тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Сот отырысында анықталғаны, Шарттың 8.1. тармағына сәйкес Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2025 жылдың 31 желтоқсанға дейін қолданылады делінген.

Шарт бойынша жауапкер Тауарды 20 күн ішінде жеткізуі тиіс, яғни 23 маусым 2025 жылы.

Алайда, жауапкер Тауарды жеткізбеген.

Сот отырысында жауапкер осы мән-жайларды жоққа шығарған жоқ.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай-АПК) 79-бабының 2-бөлігіне сай бір тараптың өзінің талаптарын немесе қарсылықтарын негіздейтін фактілерді екінші тараптың мойындауы алдыңғы тарапты осы фактілерді одан әрі дәлелдеу қажеттігінен босатады.

Заңның 8-бабының 4-тармағына сәйкес осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы заңда көрсетілген мерзімде талап қоюды сотқа жолдаған.

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 24.09.2025

Заңды күшіне енген күні: 28.10.2025, судья Борашева А. А., 29.10.2025

Демек, талап қоюшы сотқа жүгіну мерзімін өткізбеген.

Істің мұндай тұрғысында сот, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы қанағаттандырылуға жатады деп табады.

Сонымен қатар, АПК-нің 117-бабының 1-тармағына сай, жауапкерден мемлекет пайдасына 1 966 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып,сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Маңғыстау облысының білім басқармасының «Оразмағанбет Тұрмағанбетұлы атындағы Маңғыстау индустриалды техникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «RizukNesibe» басшысы Бексары Толғанай Мақсатқызы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «RizukNesibe» басшысы Бексары Толғанай Мақсатқызы мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты – шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403,404- баптарын сақтай отырып, Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына беруі мүмкін.

Судья А.А.Борашева

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 24.09.2025

Заңды күшіне енген күні: 28.10.2025, судья Борашева А. А., 29.10.2025

4712-25-3-1/2448